**"Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызметтер қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2020 жылғы 18 мамырдағы № 64 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2026 жылғы 21 сәуірдегі № 65 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 23 сәуірде № 38533 болып тіркелді

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Қолданысқа енгізілу тәртібін** 4-тармақтан **қараңыз**

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызметтер қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2020 жылғы 18 мамырдағы № 64 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20674 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 13 қазандағы № 563 Жарлығымен бекітілген "Қазақстан Республикасының прокуратура органдарының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы туралы Ереженің 19-тармағының 37) тармақшасын басшылыққа ала отырып, БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру" мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларында (бұдан әрі – Қағидалар):

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы "Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру" мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" (бұдан әрі – Заң) Қазақстан Республикасының Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және мемлекеттік қызметті көрсетудің тәртібін айқындайды.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге "цифрлық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал),

ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы не "Азаматтарға арналған үкімет " мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы осы Қағидалардың 2-қосымшаға сәйкес " Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) көрсетілген құжаттар қоса берілген осы Қағидалардың 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру туралы өтініш береді.";

5-тармақта:

екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді Мемлекеттік корпорацияның қызметкері "цифрлық үкімет" шлюзі (бұдан әрі – ЦҮШ) арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады. Цифрлық жүйелерде тиісті мәліметтер болмаған кезде, құжаттардың цифрлық көшірмелерін жасайды, кейін түпнұсқаларды көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады.";

жетінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Мемлекеттік корпорация арқылы алған кезде Мемлекеттік корпорация қызметкерінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған (қол қойылған) электрондық құжат нысанындағы өтініш ( көрсетілетін қызметті алушының сұрау салуы) ЦҮШ арқылы көрсетілетін қызметті берушінің "Талдау орталығы" цифрлық жүйесіне (бұдан әрі – ТО) құжаттарды қабылдаған күні жіберіледі.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Сұрау салуды өңдеуді көрсетілетін қызметті беруші ТО-ға сұрау салу келіп түскен кезден бастап жүзеге асырады.

ТО-да көрсетілетін қызметті алушының сауалнамалық деректерінің ТО-ның тексеру сәйкестендірушісі бойынша сәйкестіктері болмаған кезде, сұрау салуға жауап осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес электрондық құжат нысанында 10 (он) минут ішінде жіберіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесі порталға жіберіледі және көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-сымен қол қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" сақталады.

ТО-да көрсетілетін қызметті алушының сауалнамалық деректерінің ТО-ның тексеру сәйкестендіргіші бойынша сәйкес келуі анықталған кезде, көрсетілетін қызметті беруші 4 (төрт) жұмыс күні ішінде ТО-ның деректері, оның ішінде соттылықты өтеу мерзімін есептеуді тексереді (өңдейді), одан кейін қызметті алушыға сұрау салуға жауап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жіберілетіні туралы хабарланатын аралық жауапты бір уақытта

жібере отырып, 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-сын пайдалана отырып, электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесі ресімделеді.

Сотталғандығының бар не жоқ екендігіне қосымша анықтау тексерісін жүргізген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушыға 4 (төрт) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға " Хабарлама" 4-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аралық жауабы жіберіледі, онда хабарламаны алған сәттен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні өткеннен кейін көрсетілетін қызметті алушының қайтадан жүгінуінің қажеттілігі туралы хабарланады.

Осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес қағаз нысанында нәтижені ресімдеген жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші оны көрсетілетін қызметті алушы таңдаған Мемлекеттік корпорацияның филиалына мемлекеттік қызметті көрсетудің мерзімі өткенге дейін бір тәуліктен кешіктірмей жеткізуді қамтамасыз етеді.

Анықтамада Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 79 және 89-баптарына сәйкес өтініш жасалынған аумағына байланыссыз, тексеру күніндегі жағдай бойынша адамның өтелмеген, алынбаған соттылығы туралы мәліметтері көрсетіледі.";

7-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік қызметті көрсетуге мәліметтер сұратылып отырған адамның келісімі ( бас тартуы) сұрау салу келіп түскен кезден бастап 2 (екі) сағаттың ішінде оларға жіберіледі. Келісім алынған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-сын пайдалана отырып, ТО арқылы қалыптастырылған мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі үшінші тұлғаның "жеке кабинетіне" жіберіледі.";

8-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою" мемлекеттік көрсетілетін қызмет үшін мемлекеттік баж төлемі "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЦҮТШ) немесе екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырылады.";

9 және 10-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"9. ТО немесе қорғалған байланыс арналарының жұмыс істеуінде техникалық істен шыққан, сондай-ақ хабарламаны жіберуге кедергі келтіретін басқа да мән-жайлар туындаған жағдайларда, цифрлық жүйелерді алып жүруге және цифрлық технологияларды (бұдан әрі – ЦТ) пайдалануға жауапты көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті бөлімшесі дереу техникалық ақаулар анықталған кезден бастап 1 ( бір) сағаттан кешіктірмей олардың пайда болу себептерін анықтау және жою үшін шаралар қабылдайды (жұмыс күндері сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін).

Хабарламаларды жіберуді 1 (бір) сағаттан артық кешіктіруге әкеп соқтыратын әрбір жағдайды көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті бөлімшесінің цифрлық жүйелерді алып жүруге және ЦТ-ны пайдалануға жауапты орындаушысы арнайы журналда белгілейді.

10. Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабының 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес цифрландыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіпте мемлекеттік қызметті көрсету кезеңі туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Көрсетілетін қызметті беруші Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты "цифрлық үкіметтің" цифрлық инфрақұрылымының операторына, Мемлекеттік корпорацияға және Бірыңғай байланыс орталығына жібереді .";

11-тармақтың алтыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорация жұмыскерлерінің қызмет көрсету кезіндегі әрекеттеріне ( әрекетсіздігіне) шағым оның басшысының атына не цифрландыру саласындағы уәкілетті органға беріледі.";

Қағидаларға 1-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Қағидаларға 2-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Қағидаларға 3-қосымша осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Қағидаларға 4-қосымша осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес Қағидаларға 4-1-қосымшамен толықтырылсын;

көрсетілген Қағидаларға 6-қосымша осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою" мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларында (бұдан әрі – Қағидалар):

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы "Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою" мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" (бұдан әрі – Заң) Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және мемлекеттік қызметті көрсету тәртібін айқындайды.";

5-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді Мемлекеттік корпорацияның қызметкері "цифрлық үкімет" шлюзі (бұдан әрі – ЦҮШ) арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады. Цифрлық жүйелерде тиісті мәліметтер болмаған кезде, құжаттардың электрондық көшірмелерін жасайды, кейін түпнұсқаларды көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады.";

6-тармақтың бірінші және екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар келіп түскен күні көрсетілетін қызметті алушының анықтама деректерін осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша апостиль қойылған құжаттарды есепке алу журналында және мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйеде тіркейді.

Көрсетілетін қызметті беруші 3 (үш) жұмыс күні ішінде цифрлық жүйелер және картотека бойынша көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын, ресми құжаттың түпнұсқалығын тексереді (өңдейді).";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабының 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес цифрландыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіпте мемлекеттік қызметті көрсету кезеңі туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Көрсетілетін қызметті беруші Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты "цифрлық үкіметтің" цифрлық инфрақұрылымының операторына, Мемлекеттік корпорацияға және Бірыңғай байланыс орталығына жібереді .";

9-тармақтың алтыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорация жұмыскерлерінің қызмет көрсету кезіндегі әрекеттеріне ( әрекетсіздігіне) шағым оның басшысының атына не цифрландыру саласындағы уәкілетті органға беріледі.";

Қағидаларға 1-қосымша осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Қағидаларға 2-қосымша осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Қағидаларға 3-қосымша осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті мен оның аумақтық органдары архивтерінің шегінде архивтік анықтамаларды және/немесе архивтік құжаттардың көшірмелерін беру" мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларында (бұдан әрі – Қағидалар):

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы "Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті мен оның аумақтық органдары архивтерінің шегінде архивтік анықтамаларды және/немесе архивтік құжаттардың көшірмелерін беру" мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1)

тармақшасына сәйкес әзірленді және мемлекеттік қызметті көрсетудің тәртібін айқындайды.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге "цифрлық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы не "Азаматтарға арналған үкімет "мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі –Мемлекеттік корпорация) арқылы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидалардың 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің және оның аумақтық органдарының архивтері шегінде архивтік анықтамаларды және/немесе архивтік құжаттардың көшірмелерін беру" (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес өтініш береді.";

5-тармақтың екінші және үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді Мемлекеттік корпорацияның қызметкері "цифрлық үкімет" шлюзі (бұдан әрі – ЦҮШ) арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады.

Цифрлық жүйелерде тиісті мәліметтер болмаған кезде Мемлекеттік корпорацияның қызметкері құжаттардың цифрлық көшірмелерін жасайды, кейін түпнұсқаларды көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады және құжаттарды қабылдаған күні ЭЦҚ-мен куәландырылған (қол қойылған) электрондық құжат нысанындағы өтінішті ( көрсетілетін қызметті алушының сұрау салуы) ЦҮШ арқылы көрсетілетін қызметті берушінің "Талдау орталығы" цифрлық жүйесіне (бұдан әрі – ТО) жібереді.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Көрсетілетін қызметті алушы 1940 жылдың 1 қаңтарында он алты жасқа толмаған адамға сұрау салу жіберген кезде, сұрау салынған адамның ата-анасының деректерін көрсетеді.

Құжаттар топтамасы Мемлекеттік көрсетілетін қызмет қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің талаптарына сәйкес келген кезде көрсетілетін қызметті беруші 8 (сегіз) жұмыс күні ішінде арнайы қоныс аударуға жіберілген адамдарды есепке алатын автоматтандырылмаған (қағаз жүзіндегі) картотекада, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушінің ТО-да сұрау салынған ақпаратқа іздеу жүргізуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде сұрау салынған мәліметтерді анықтаған кезде Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті мен оның аумақтық органдары архивтерінің шегінде архивтік анықтамалар және/немесе архивтік құжаттардың көшірмелерін (бұдан әрі – архивтік анықтама) осы Қағидаларға 4-

қосымшаға сәйкес цифрлық құжат нысанында немесе қағаз жеткізгіште қалыптастырады осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті ұсынудың таңдалған әдісіне сәйкес жіберіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер бар болған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыны мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік көрсетілетін қызмет мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау көрсетілетін қызметті алушы хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі .

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға архивтік анықтаманы не бас тарту туралы дәлелді жауапты мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметке көрсетілетін сұрау салуды қарау мәртебесі, ал нәтиже қағаз нысанда ресімделген жағдайда нәтижені алатын жердің орны және күні көрсетілген ақпарат "жеке кабинетке " жіберіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі не мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту порталға жіберіледі және көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған цифрлық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" сақталады.

Осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес қағаз нысанында нәтижені ресімдеген жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші оны көрсетілетін қызметті алушы таңдаған Мемлекеттік корпорацияның филиалына мемлекеттік қызметті көрсетудің мерзімі өткенге дейін бір тәуліктен кешіктірмей жеткізуді қамтамасыз етеді.

Нәтижені қағаз нысанда беру көрсетілетін қызметті алушы жеке басын куәландыратын құжатты немесе цифрлық құжаттар сервисінен цифрлық құжатты не оның өкілі нотариалды куәландырылған сенімхатты және жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүзеге асырылады.";

8 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"8. ТО немесе байланыс арналарының жұмыс істеуінде техникалық істен шыққан, сондай-ақ хабарламаны жіберуге кедергі келтіретін басқа да мән-жайлар туындаған жағдайларда, цифрлық жүйелерді алып жүруге және цифрлық технологияларды (бұдан әрі – ЦТ) пайдалануға жауапты көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті бөлімшесі дереу техникалық ақаулар анықталған кезден бастап 1 (бір) сағаттан кешіктірмей олардың пайда болу себептерін анықтау және жою үшін шаралар қабылдайды (жұмыс күндері сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін).

Хабарламаларды жіберуді 1 (бір) сағаттан артық кешіктіруге әкеп соқтыратын әрбір жағдайды көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті бөлімшесінің цифрлық жүйелерді алып жүруге және ЦТ-ны пайдалануға жауапты орындаушысы арнайы журналда белгілейді.

9. Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабының 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес цифрландыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіпте мемлекеттік қызметті көрсету кезеңі туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Көрсетілетін қызметті беруші Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты "цифрлық үкіметтің" цифрлық инфрақұрылымының операторына, Мемлекеттік корпорацияға және Бірыңғай байланыс орталығына жібереді .";

10-тармақтың алтыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорация жұмыскерлерінің қызмет көрсету кезіндегі әрекеттеріне ( әрекетсіздігіне) шағым оның басшысының атына не цифрландыру саласындағы уәкілетті органға беріледі.";

Қағидаларға 1-қосымша осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Қағидаларға 2-қосымша осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Қағидаларға 3-қосымша осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Қағидаларға 4-қосымша осы бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес Қағидаларға 5-қосымшамен толықтырылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтер беру" мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларында ( бұдан әрі – Қағидалар):

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы "Адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтер беру " мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және мемлекеттік қызметті көрсетудің тәртібін айқындайды.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны

туралы мәліметтер беру туралы сұрау салуды осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша "цифрлық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы береді.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Сұрау салуды өңдеуді көрсетілетін қызметті беруші сұрау салудың "Талдау орталығы" цифрлық жүйесіне (бұдан әрі – ТО) келіп түскен кезден бастап жүзеге асырады.

ТО-да көрсетілетін қызметті алушының сауалнамалық деректерінің ТО-ның тексеру сәйкестендірушісі бойынша сәйкестіктері болмаған кезде сұрау салуға осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің жоқтығы туралы жауап цифрлық құжат түрінде 10 (он) минут ішінде жіберіледі.

ТО-да көрсетілетін қызметті алушының сауалнамалық деректерінің ТО-ның тексеру сәйкестендіргіші бойынша сәйкес келуі анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші 4 (төрт) жұмыс күні ішінде ТО-ның деректері тексеріледі (өңделеді), одан кейін көрсетілетін қызметті алушыға сұрау салуға жауап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жіберілетіні туралы хабарланатын аралық жауапты бір уақытта жібере отырып, 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасын (бұдан әрі – ЭЦҚ) пайдалана отырып, электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесі ресімделеді.

Тұлғаның жасаған қылмысын сыбайлас жемқорлық қылмыс санатына жатқызу тұрғасынан қосымша анықтау тексеруін жүргізілген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушыға 4 (төрт) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аралық жауап жіберіледі, онда хабарламаны алған сәттен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні өткеннен кейін көрсетілетін қызметті алушының қайтадан жүгінуінің қажеттілігі туралы хабарланады.

Мәліметтер мемлекеттік қызметті көрсету кезінде адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы Комитетте және оның аумақтық органдарында беріледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру кезінде сотталғандықты өтеген немесе алып тастаған есепке алынбайды.

Мәліметтер тексерілген күнгі жағдай бойынша өтініш берілген аймаққа қарамастан беріледі.

Мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесі порталға жіберіледі және көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" сақталады.";

7-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік қызметті көрсетуге мәліметтер сұратылып отырған адамның келісімі ( бас тартуы) сұрау салу келіп түскен кезден бастап 2 (екі) сағаттың ішінде жіберіледі. Келісім алынған кезде көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-сын

пайдалана отырып, ТО арқылы қалыптастырылған мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі үшінші тұлғаның "жеке кабинетіне" жіберіледі.";

8 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"8. ТО немесе байланыс арналарының жұмыс істеуінде техникалық істен шыққан, сондай-ақ хабарламаны жіберуге кедергі келтіретін басқа да мән-жайлар туындаған жағдайларда, цифрлық жүйелерді алып жүруге және цифрлық технологияларды (бұдан әрі – ЦТ) пайдалануға жауапты көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті бөлімшесі дереу техникалық ақаулар анықталған кезден бастап 1 (бір) сағаттан кешіктірмей олардың пайда болу себептерін анықтау және жою үшін шаралар қабылдайды (жұмыс күндері сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін).

Хабарламаларды жіберуді 1 (бір) сағаттан артық кешіктіруге әкеп соқтыратын әрбір жағдайды көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті бөлімшесінің цифрлық жүйелерді алып жүруге және ЦТ-ны пайдалануға жауапты орындаушысы арнайы журналда тіркейді.

9. Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабының 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес цифрландыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметті көрсету кезеңі туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Көрсетілетін қызметті беруші Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты "цифрлық үкіметтің" цифрлық инфрақұрылымының операторына, Мемлекеттік корпорацияға және Бірыңғай байланыс орталығына жібереді .";

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымша осы бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 2-қосымша осы бұйрыққа 16-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 3-қосымша осы бұйрыққа 17-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 4-қосымша осы бұйрыққа 18-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі – Комитет) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Комитеттің аумақтық органдарына орындау үшін жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Комитет төрағасына жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін осы бұйрықтың 1-тармағының жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші, жиырма төртінші, жиырма бесінші, жиырма алтыншы, жиырма жетінші, жиырма сегізінші, жиырма тоғызыншы, отызыншы, отыз бірінші, отыз екінші, отыз үшінші, отыз төртінші, отыз алтыншы, отыз жетінші, отыз сегізінші, қырық екінші, қырық үшінші, қырық төртінші, қырық бесінші, қырық алтыншы, қырық жетінші, қырық сегізінші, қырық тоғызыншы, елуінші, елу бірінші, елу екінші, елу үшінші, елу сегізінші, елу тоғызыншы, алпысыншы, алпыс бірінші, алпыс екінші, жетпіс төртінші, жетпіс бесінші, жетпіс алтыншы, жетпіс жетінші, жетпіс сегізінші, жетпіс тоғызыншы, сексенінші, сексен бірінші, сексен екінші, сексен төртінші, сексен тоғызыншы, тоқсаныншы, тоқсан бірінші, тоқсан екінші, тоқсан үшінші, жүз екінші, жүз үшінші, жүз төртінші, жүз бесінші, жүз алтыншы, жүз жетінші, жүз сегізінші, жүз тоғызыншы және жүз оныншы абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы Бас Прокуроры* *Б. Асылов*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрлігі

Қазақстан Республикасы
Бас Прокуроры
2026 жылғы 21 сәуірдегі
№ 65 бұйрығына 1-қосымша
"Соттылықтың болуы не
болмауы туралы анықтама беру"
мемлекеттік қызметті көрсету
қағидаларына 1-қосымша
нысан
Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының
Құқықтық статистика және
арнайы есепке алу жөніндегі
комитетінің

______________________________
(өңірдің атауын көрсету керек)
бойынша аумақтық органының
бастығына көрсетілетін қызметті
алушы

______________________________
(тегі, аты, әкесінің аты (ол
болған кезде) көрсетілетін
қызметті алушының өкілі

______________________________
(тегі, аты, әкесінің аты (ол
болған кезде)

____________________________
жеке куәліктің (паспорттың)
деректері, құжаттың
№_________ _________ ж.,
берілген _________
жеке сәйкестендіру
нөмірі (бизнес-сәйкестендіру
нөмірі):___________
тұрғылықты мекенжайы:
_________________________
байланыс телефоны:
_________________________

## Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру туралы АРЫЗ

Сізден соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтаманы__________________
____________________________________________________________________
___________________________________________________беруіңізді сұраймын.
(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), туған күні (күні, айы, жылы) (қажеттілік болған кезде олар ауыстырылған жағдайда, бұрынғы анықтамалық деректерді де көрсету қажет) анықтама сұратылып жатқан жеке тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірі, электрондық түрде немесе қағаз тасымалдағышта қандай анықтама керек екенін көрсету қажет)
Цифрлық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтердің пайдаланылуына келісемін.

___________________________________________________________________
көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) қолы
20_____ жылғы "__" ____________.

Қазақстан Республикасы
Бас Прокуроры
2026 жылғы 21 сәуірдегі
№ 65 бұйрығына 2-қосымша
"Соттылықтың болуы не
болмауы туралы анықтама беру"
мемлекеттік қызметті көрсету
қағидаларына 2-қосымша

## "Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық органдары |
| 2 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы (бар болса) | жоқ |

| | | |
|---|---|---|
| 3 | Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін ұсыну тәсілдері (бар болса) | Мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдау және беру:<br>1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);<br>2) www.egov.kz "цифрлық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады;<br>3) Абаненттік ұялы байланыс құрылғысы. |
| 4 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі және оның кіші түрлері ( бар болса) | 1) құжаттар топтамасын Мемлекеттік корпорацияға тапсырған күннен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде – 10 (он) минут;<br>қосымша анықтамалық тексеріс жағдайында – 5 (бес) жұмыс күні;<br>шет елге шыққан жағдайда:<br>облыс орталықтарында, республикалық маңызы бар қалаларда және астанада орналасқан Мемлекеттік корпорация филиалдарының бөлімдеріне жүгінген кезде – 5 ( бес) жұмыс күні;<br>Мемлекеттік корпорация филиалдарының басқа бөлімдеріне жүгінген кезде – 10 ( он) жұмыс күні;<br>2) құжаттар топтамасын тапсыру және құжаттарды алу кезінде күтуге ең көп жол берілетін уақыт – 15 (он бес) минут;<br>3) қызмет көрсетудің ең көп жол берілетін уақыты – 15 (он бес) минут.<br>Құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді.<br>Көрсетілетін қызметті алушыға қосымша анықтамалық тексеріс жүргізген жағдайда, 4 (төрт) жұмыс күні ішінде хабарламаны алған кезден бастап 20 (жиырма) жұмыс күні өткеннен кейін қайта жүгіну қажеттілігі туралы хабарланатын аралық жауап жолданады. |
| | | Электрондық (ішінара цифрландырылған) |

| | | |
|---|---|---|
| 5 | Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны және оның кіші түрлері ( бар болса) | Қағаз түрінде<br>Композиттік қағидаты бойынша көрсетілетін |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі және оның кіші түрлері ( бар болса) | "Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларының 4 немесе 5-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру.<br>Басқа жеке тұлғаға соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтаманы беру, мәліметтер сұратылып отырған адамға қатысты нотариалды расталған сенімхаттың негізінде жүзеге асырылады.<br>Шет елге шығу үшін қағаз нысанда, оның ішінде апостилі бар соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтаманы дайындауға сұрау салуды электронды түрде берген жағдайда, дайын құжаттарды беру көрсетілетін қызметті алушының немесе нотариалды түрде куәландырылған сенімхат бойынша оның өкілінің цифрлық құжаттар сервисінен жеке басын куәландыратын құжатты немесе цифрлық құжатының негізінде көрсетілетін қызметті алушының порталда таңдаған Мемлекеттік корпорацияның филиалы арқылы жүзеге асырылады.<br>Мемлекеттік корпорация соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтаманың қағаз нысанда 1 (бір) айдың ішінде сақталуын қамтамасыз етеді, кейін оны көрсетілетін қызметті берушіге 2 (екі) ай ішінде әрі қарай сақтау үшін береді. Көрсетілетін қызметті алушы 1 ( бір) ай өткеннен кейін жүгінген кезде, Мемлекеттік корпорацияның сұрау салуы бойынша көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде дайын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жібереді. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Көрсетілетін қызметті алушының арызын және оған қатысты қағаз нысандағы құжаттарды, сондай-ақ оны алу үшін көрсетілетін қызметті алушы 3 (үш) ай ішінде келмеген жағдайда қағаз нысандағы соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтаманы көрсетілетін қызметті беруші оларды жеке номенклатуралық іске тігеді (қалыптастырады). |
| 7 | Қазақстан Республикасы заңнамасымен көзделген жағдайларда мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және оны алу тәсілдері | Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және (немесе) заңды тұлғаларға тегін көрсетіледі. |
| 8 | Көрсетілетін қызметті берушінің, мемлекеттік корпорацияның және цифрландыру объектілерінің жұмыс кестесі | 1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен, дүйсенбі мен жұма аралығында белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;<br>2) Мемлекеттік корпорация – дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін үзіліссіз жүзеге асырылады, Кодексіне сәйкес мереке және демалыс күндерінен басқа, мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсету бөлімдерінің кезекшілері дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін.<br>Құжаттарды қабылдау "цифрлық кезек" тәртібінде жедел қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады, портал арқылы "цифрлық кезекті" брондауға рұқсат етіледі;<br>3) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс күні аяқталғаннан кейін, Кодекске сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген |

| | | |
|---|---|---|
| | | кезде, өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүргізіледі);<br>4) Бірыңғай байланыс орталығы – күн сайын 9.00 до 21.00-ге дейін.<br>Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары:<br>1) көрсетілетін қызметті берушінің: www.gov.kz/memleket/entities/pravstat, "Мемлекеттік қызметтер" бөлімінде;<br>2) Мемлекеттік корпорацияның: www.gov4c.kz;<br>3) www.egov.kz порталының интернет-ресурсында көрсетілген. |
| | | 1) Мемлекеттік корпорацияға:<br>"Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларының 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру туралы арыз;<br>жеке басты куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (жеке адамды сәйкестендіру үшін);<br>нотариалды түрде куәландырылған сенімхат – көрсетілетін қызметті алушының мүддесін басқа адам білдірген кезде;<br>кәмелеттік жасқа толмаған жақын туыстарына анықтама алу кезінде туыстық байланыстарын растау үшін туу туралы куәлік ( ақпараттық жүйелерде мәліметтер болмаған жағдайда) не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (жеке адамды сәйкестендіру үшін).<br>Көрсетілетін қызметті алушының бұрынғы анықтамалық деректері ( тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), туған күні (күні, айы, жылы) бойынша соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама алу үшін ақпараттық жүйелерде тиісті мәліметтер болмаған кезде, көрсетілетін қызметті алушы олардың |

| | | |
|---|---|---|
| 9 | Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен тізбесі және оның кіші түрлері (бар болса) | ауыстырылғандығын растайтын құжатты ұсынады.<br>2) порталда:<br>көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен қол қойылған немесе ұялы байланыс операторымен берілген көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірі порталдың есептік жазбасына тіркелген және қосылған жағдайда , бір реттік парольмен куәландырылған электрондық сұрау салу беріледі. Шет елге шығу үшін соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтаманы қағаз нысанда алу үшін бір уақытта Мемлекеттік корпорация филиалының мекенжайы таңдалады;<br>мәліметтер сұратылып отырған адам порталда "жеке кабинеттен", сондай-ақ порталда тіркелген адамның ұялы байланыстың абоненттік нөмірі арқылы портал хабарламасына жауап ретінде бір реттік парольді жіберу немесе қысқа мәтіндік хабарлама жіберу жолымен келісім берген жағдайда, үшінші тұлғалардың электрондық сұрау салуы.<br>Көрсетілетін қызметті берушілер, Мемлекеттік корпорация цифрлық құжаттарды порталда тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда, іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен бір реттік парольді беру арқылы немесе порталының хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы алады. |
| 10 | Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден және оның кіші түрлерінен (бар болса) бас тарту үшін негіздер | жоқ |
| | | Қажет болған жағдайда, тұрмыс-тіршілігін шектейтін ағза функцияларында тұрақты ауытқумен денсаулығы бұзылған |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 11 | Мемлекеттік қызметті көрсетудің, оның ішінде Мемлекеттік корпорация арқылы мемлекеттік қызметті көрсетудің ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де талаптар | көрсетілетін қызметті алушыдан мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдау Мемлекеттік корпорацияның қызметкерімен Бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефонына жүгіну арқылы тұрғылықты мекенжайына барумен жүзеге асырылады.<br>Мемлекеттік көрсетілетін қызмет "бір өтініш" қағидаты бойынша " Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою" мемлекеттік көрсетілетін қызметпен жиынтықта көрсетілуі мүмкін.<br>Мемлекеттік көрсетілетін қызмет үшінші тұлғаларға көрсетілуі мүмкін. Үшінші тұлғалардың электрондық сұрау салуы мәліметтер сұратылып отырған адам порталда "жеке кабинеттен", сондай-ақ порталда тіркелген адамның ұялы байланыстың абоненттік нөмірі арқылы портал хабарламасына жауап ретінде бір реттік парольді жіберу немесе қысқа мәтіндік хабарлама жіберу жолымен келісім берген жағдайда орындалады.<br>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалар қызметі, сондай-ақ қашықтықтан қол жеткізу режимінде 1414, 8 800 080 7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.<br>Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда, портал арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметті электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.<br>Цифрлық құжаттар сервисі мобильді қосымшада авторландырылған пайдаланушылар үшін қолжетімді.<br>Цифрлық құжатты пайдалану үшін электрондық-цифрлық қолтаңбаны немесе бір реттік парольді пайдалана отырып, | |

| | | |
|---|---|---|
| | | мобильді қосымшада авторландырудан өту, одан әрі " цифрлық құжаттар" бөліміне өтіп, қажетті құжатты таңдау қажет. |

Қазақстан Республикасы
Бас Прокуроры
2026 жылғы 21 сәуірдегі
№ 65 бұйрығына 3-қосымша
"Соттылықтың болуы не
болмауы туралы анықтама беру"
мемлекеттік қызметті көрсету
қағидаларына 3-қосымша

Нысан

___________________________
(көрсетілетін қызметті
алушының тегі, аты, әкесінің
аты (болған жағдайда)
немесе ұйымының атауы)

_____________________________
(көрсетілетін қызметті
алушының мекенжайы)

**Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беруге құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат**

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы филиалының №__ бөлімі

________________________________________________________________________
(мекенжайды көрсету қажет) мемлекеттік қызметті көрсетуге

_________________________________________________________________________
(мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы) құжаттарды
Сіз мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көзделген тізімге сәйкес құжаттардың толық емес топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды, атап айтқанда:
1)_____________________________________________________________;
2)________________________________________________________________;
3)_______________________________________________________________.
2. Осы қолхат әр тарап үшін бір-бірден, барлығы 2 (екі) данада жасалды.
3. "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы қызметкерінің тегі, аты,
әкесінің аты (болған жағдайда) ______________________

(қолы)
Телефоны ___________________________________________________
Алдым: ____________________________________________________
(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)/көрсетілетін қызметті алушының қолы)
20__ жылғы "__" __________

Қазақстан Республикасы
Бас Прокуроры
2026 жылғы 21 сәуірдегі
№ 65 бұйрығына 4-қосымша
"Соттылықтың болуы не
болмауы туралы анықтама беру"
мемлекеттік қызметті көрсету
қағидаларына 4-қосымша

нысан

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ СТАТИСТИКА ЖӘНЕ АРНАЙЫ ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІ КОМИТЕТ ПО ПРАВОВОЙ СТАТИСТИКЕ И СПЕЦИАЛЬНЫМ УЧЕТАМ ГЕНЕРАЛЬНОЙ ПРОКУРАТУРЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН А Н Ы Қ Т А М А С П Р А В К А**

_________________________________________________________________
(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)/фамилия, имя, отчество (при его наличии)
________________________________________________________________
(туған күні/дата рождения)
________________________________________________________________
(туған жері / место рождения)
20___ жылғы "___"_________ жағдай бойынша соттылығы жоқ / бар.
По состоянию на "__" ________ 20__ года судимости не имеет / имеет.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!!!**
**Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің мәліметтері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес пайдаланылады.**
**Осы анықтамада көрсетілген мәліметтер қылмыстық істер бойынша процестік шешімді қабылдау кезінде, мемлекеттік фунцияларды орындауға уәкілетті адамдарға және оларға теңестірілген адамдарға қатысты арнайы тексерулер жүргізу кезінде, сондай-ақ заңнамалық актілермен көзделген оларды қылмыстық жауаптылыққа тартумен байланысты шектеулер қойылған адамдарға қатысты қолдануға жатпайды.**
**ВНИМАНИЕ!!!**
**Сведения Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан используются в соответствии с законодательством Республики Казахстан.**
**Указанные в настоящей справке сведения не подлежат использованию при принятии процессуальных решений по уголовным делам, при производстве специальных проверок в отношении лиц, уполномоченных на выполнение государственных функций, и лиц, приравненных к ним, а также в отношении лиц, подпадающих под ограничения, связанные с привлечением их к уголовной ответственности, предусмотренные законодательными актами.**

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62-бабының 2-тармағына сәйкес қағаз жеткізгіштегі құжатқа тең.

Согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан данный документ равнозначен документу на бумажном носителе.

Электрондық құжаттың түпнұсқалығын Сіз egov.kz сайтынан, сондай-ақ "цифрлық үкімет" веб-порталының мобильді қосымшасы арқылы тексере аласыз.

Проверить подлинность электронного документа Вы можете на egov.kz, а также посредством мобильного приложения веб-портала "цифрового правительства".

штрих-код автоматтандырылған цифрлық жүйесінен алынған және Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің құрылымдық бөлімшесі бастығының электрондық-цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған деректерді қамтиды.

штрих-код содержит данные, полученные из автоматизированной цифровой системы и подписанный электронно-цифровой подписью начальника структурного подразделения Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан.

Қазақстан Республикасы
Бас Прокуроры
2026 жылғы 21 сәуірдегі
№ 65 бұйрығына 5-қосымша
"Соттылықтың болуы не
болмауы туралы анықтама
беру" мемлекеттік қызметті
көрсету қағидаларына
4-1-қосымша

нысан

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ СТАТИСТИКА ЖӘНЕ АРНАЙЫ ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІ КОМИТЕТ ПО ПРАВОВОЙ СТАТИСТИКЕ И СПЕЦИАЛЬНЫМ УЧЕТАМ ГЕНЕРАЛЬНОЙ ПРОКУРАТУРЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Хабарлама Уведомление**

____________________________________________________________

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) / фамилия, имя, отчество (при его наличии)

__________________________________________________________________

(туған күні /дата рождения)

_________________________________________________________________

(туған жері / место рождения)

Қосымша анықтау тексерісі жүргізілуіне байланысты,

____________________________ сәйкес, осы хабарламаны алған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні өткен соң Сізге қайта жүгіну қажет.

В связи с проведением дополнительной установочной проверки, ввиду __________________________, Вам необходимо обратиться повторно по истечении 20 (двадцати) рабочих дней с момента получения настоящего уведомления.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!!!
Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің мәліметтері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес пайдаланылады.
ВНИМАНИЕ!!!
Сведения Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан используются в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62-бабының 2-тармағына сәйкес қағаз жеткізгіштегі құжатқа тең.

Согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан данный документ равнозначен документу на бумажном носителе.

Электрондық құжаттың түпнұсқалығын Сіз egov.kz сайтынан, сондай-ақ "цифрлық үкімет" веб-порталының мобильді қосымшасы арқылы тексере аласыз.

Проверить подлинность электронного документа Вы можете на egov.kz, а также посредством мобильного приложения веб-портала "цифрового правительства".

штрих-код автоматтандырылған цифрлық жүйесінен алынған және Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің құрылымдық бөлімшесі бастығының электрондық-цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған деректерді қамтиды.

штрих-код содержит данные, полученные из автоматизированной цифровой системы и подписанный электронно-цифровой подписью начальника структурного подразделения Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан.

Қазақстан Республикасы
Бас Прокуроры
2026 жылғы 21 сәуірдегі
№ 65 бұйрығына 6-қосымша
"Соттылықтың болуы не
болмауы туралы анықтама беру"
мемлекеттік қызметті көрсету
қағидаларына 6-қосымша
нысан
Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының

Құқықтық статистика және
арнайы есепке алу жөніндегі
комитетінің

________________________

(өңірдің атауын көрсету керек)
бойынша аумақтық органының
бастығына көрсетілетін қызметті
алушы

_________________________

(тегі, аты, әкесінің аты (ол
болған кезде) көрсетілетін
қызметті алушының өкілі

_________________________

(тегі, аты, әкесінің аты (ол
болған кезде) жеке куәліктің
(паспорттың) деректері,
құжаттың №
_____________ж., берілген
жеке сәйкестендіру нөмірі
(бизнес-сәйкестендіру нөмірі):
_________ тұрғылықты
мекенжайы:
___________________
байланыс телефоны: ___

**Апостилі бар соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру туралы арыз**

Сізден апостилі бар соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтаманы
_________________________________________________________________
_________________________________________________________________
_________________________________________________________________
(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), туған күні (күні, айы, жылы)
(қажеттілік болған кезде олар ауыстырылған жағдайда, бұрынғы анықтамалық
деректерді де көрсету қажет)
одан әрі

_________________________________________________________________
____________________ құзыретті органына ұсыну үшін беруіңізді сұраймын.
(шет ел мемлекетінің атауы)
